

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 және 2006 жылғы 23 қазандағы N 1016 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 мамырдағы N 364 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

*Қолданушылар назарына: Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.*

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін :

1) "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 4, 56 - құжат) :

тақырыптағы және 1-тармақтағы "және құмар ойын бизнесіне" деген сөздер алынып тасталсын ;

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада :

тақырыптағы»"және құмар ойын бизнесіне" деген сөздер алынып тасталсын;

"Өндірілетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары" деген бағанның тақырыбындағы "және құмар ойын бизнесіне" деген сөздер алынып тасталсын ;

мына :

"Құмар ойын бизнесі ойын үстелі 300-1400 АЕК

(лотереядан басқа) бір ойыншы 20-70 АЕК

ойнауға арналған

ақшалай ұтысты

ойын автоматты

бірнеше ойын-	70-100 АЕК
шының қатысуымен	
ойын өткізуге	
ақшалай ұтысы бар	
ойын автоматты	
(электронды рулет-	
каны қоспағанда);	
тотализатор	160-400 АЕК
	кассы
букмекер	40-200 АЕК
	кеңсесінің кассасы
электронды	70-150 АЕК
рулетка	"

деген жол алынып тасталсын;

2) "Тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 қазандағы N 1016 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., N 39, 434-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген тіркелген жиынтық салықтың ең төменгі және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшерінде\* реттік нөмірлері 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 13-жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*